

**ҚОНАҚАСЫ КІМГЕ БЕРІЛЕДІ?**

5-БЕТ | ҚОҒАМ



**АБАЙ ЖЫРЛАРЫ**

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Негізгі мақсат баршаңызға белгілі. Біз 2029 жылға қарай экономикамыздың көлемін 450 миллиард долларға жеткізуіміз керек. Яғни нақты меже бар. Енді тек жұмыс істеу қажет. Бұл – еліміздің жалпы ішкі өнімі жыл сайын кемінде 6 пайызға өсуі керек деген сөз. Бюрократияны тоқтату қажет, бізге нақты нәтиже керек. Үкімет пен әкімдер жұмыс істеу тәсілін түбегейлі өзгертуге тиіс. Жұмыс барысында жүйелі ұстаным болуы қажет. Мәселені жедел шешумен қатар, экономиканың ұзақ мерзімді дамуын қамтамасыз ету өте маңызды.


№17
(4605)
Сенбі
10 ақпан
2024 жыл

# ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | 1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ


Сұлтан СЕЙІТ



# АҚПАНДАҒЫ АҚ ЖАУЫН

Аптаның екінші бөлігінде ауа райы тосын мінез танытты. Еліміздің барлық аймағында қатты боран соғып, жолдар жабылды. Астанада да әуелі қалың қар жауып, арты ақтүтек боранға ұласты. Бейсенбідегі аласұрған желдің екпіні адамдардың жүруіне қиындық келтіріп, кейбір ғимараттардың шатыры құлады. Ал жұманың таңында боран саябырлап, күтпеген жерден жаңбыр жауды. Құтқарушылар балаларды далаға шығармау қажет екенін хабарлап, дабыл қақты. Қала әкімі Жеңіс Қасымбек боран мен қатты желге байланысты тұрғындар мен қонақтарға үндеу жолдап, сақ болуды ескертті. Полиция қызметкерлері қала тұрғындары мен қонақтарына жолда абай болуды, қауіпсіздік ережелерін сақтауды, дауылды ескерту болған жағдайда алыс сапардан бас тартуға шақырды. Боранға байланысты Астана әуежайында 72 рейс тоқтады.



## НАУРЫЗДА БЕС КҮН ДЕМАЛАМЫЗ

Наурыз айында Қазақстанда екі мереке – Халықаралық әйелдер күні мен Наурыз мерекесі тойланады.

Жалпы қазақстандықтар келесі айда 14 күн демалады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 2 күнге артық. Электронды Үкімет сайтының мәліметіне сүйенсек, 8 наурыз жұмаға келеді. Сондықтан 5 күндік жұмыс аптасында азаматтар қатарынан 3 күн демалады – 8, 9, 10 наурыз (жұма, сенбі, жексенбі), 6 күндік – 8 және 10 наурыз (жұма және жексенбі). Наурыз мерекесінде 5 күн қатарынан демалыс болады – 21, 22, 23, 24, 25 наурыз (бейсенбіден дүйсенбіге дейін), 6 күндік – 21-24 наурыз аралығында (бейсенбіден жексенбіге дейін). Биыл 366 күнде 249 жұмыс күні, 117 демалыс күні бар. Соның ішінде ең көп демалыс наурызда, ең аз демалыс сәуірде екен.

## ОРТАША ЖАЛАҚЫ – 393 605 ТЕҢГЕ

Қазақстанда 2023 жылдың төртінші тоқсанында орташа атаулы жалақы 400 мың теңгеге жуықтады. Бұл ақпаратты Ұлттық статистика бюросы таратты. Ең жоғары жалақы Атырау облысының тұрғындарына тиесілі. Атыраулықтардың орташа табысы 600 мың теңгеге жуықтаған.

## ҚАЙТАДАН БЕТПЕРДЕ ТАҒАМЫЗ БА?

Қазақстанда бетперде тағу тәртібі қайта енгізіледі. Жуырда бас санитар дәрігер тиісті қаулыға қол қойды.

3



## ЖАҢА АВТОБУСТАР ШЫҒАРЫЛАДЫ

Демалыс күндері Астанадағы 4 бағытта 7 жаңа автобус жолаушы тасымалдауға шығарылады.

Мұндай ақпаратты CTS компаниясына сілтеме жасай отырып, әкімдіктің ресми сайты таратты. 10 ақпаннан бастап қоғамдық көліктегі қызмет көрсетуді жақсарту мақсатында №3 бағдардағы автобустар саны 2 бірлікке (12 автобус); №13 бағдар – 2 бірлікке (10 автобус); №20 бағдар – 1 бірлікке (12 автобус); № 44 бағдар 2 бірлікке (12 автобус) көбейеді.



№17 (4605) 10/02/2024 Сенбі



# САЙЛАУДАҒЫ ЖЕҢІСІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Қазақстан мен Әзербайжан президенттері телефон арқылы сөйлесті. Қасым-Жомарт Тоқаев Ильхам Әлиевті Әзербайжан Республикасының Президенті лауазымына кезектен тыс өткен сайлаудағы айқын жеңісімен құттықтады.

Мемлекет басшысы сайлаудағы дауыс беру қорытындысы Ильхам Әлиевтің Әзербайжанды одан әрі нығайтуға, елдің әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатын қамтамасыз етуге және мемлекеттің халықаралық аренадағы беделін арттыруға бағытталған стратегиялық бағдарлары мен ауқымды реформалары бүкілхалықтық қолдауға ие болғанын анық көрсеткенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев Ильхам Әлиевтің әзербайжан халқының игілігі мен дамуы үшін қолға алған барлық жоспарының табысты орындалуына тілектестік білдірді.

Өз кезегінде Әзербайжан Президенті құттықтағаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, бауырлас Қазақстанмен арадағы ғасырлар бойы қалыптасқан достық, стратегиялық серіктестік және одақтастық рухындағы ынтымақтастықты одан әрі тереңдете беруге ниетті екенін растады.

# ДӘРІ-ДӘРМЕК ӨНДІРІСІ АРТАДЫ

Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсенованың төрағалығымен Үкімет үйінде өткен кеңесте отандық дәрі-дәрмек және вакцинамен қамту мәселелері талқыланды. Басқосуға Денсаулық сақтау, Ауыл шаруашылығы министрліктерінің, «QazBioPharm» ұлттық холдингінің өкілдері қатысты.

Биыл Денсаулық сақтау министрлігі «QazVac» вакцинасының 50 мың дозасына тапсырыс беруді жоспарлаған. «QazBioPharm» ветеринарлық бағыттағы препараттарды да шығарады. Оны өндіру көлемі артады. Ауыл шаруашылығы министрлігі ұлттық холдингтен ветеринарлық дәрі-дәрмектер мен диагностикумдардың 25,8 млн дозасын алуды жоспарлап отыр.

Өз кезегінде «QazBioPharm» басшысы Ерғали Әбдірайымов мемлекеттік органдармен аталған өнімді өндіруге және жеткізуге ұзақмерзімді келісімшарттарды бекітуге ниет білдірді. Аталған мәселе тиісті мемлекеттік органдармен бірлесе қарастырылады.

«Отандық өндірушіні қолдау шараларының маңызы зор. Алайда ұсынылатын препараттар сапасына баса мән берілгені жөн. Ол үшін «QazBioPharm» ұлттық холдингі басшылығы тікелей жауапты. Дәрі-дәрмектерді өндіру және жеткізу мерзімі бойынша бекітілген кестені қатаң сақтау қажет» деп атап өтті Тамара Дүйсенова.



# ЖАҢА МЕКТЕП ЕСІК АШТЫ

Астанада тағы бір білім ордасы пайдалануға берілді. №36 мектеп Сарыарқа ауданындағы Қарасай батыр көшесінің бойында орналасқан. Осыған дейін 90 жыл бұрын салынған мектепте оқып келген оқушылар қазір шарт-жағдайы өте жақсы, жайлы оқу орнында білім алып жатыр.

Жаңа мектеп екі ауысымда 2400 оқушыға арналған. Оқу орны заманауи оқу кабинеттерімен жабдықталған. Сондай-ақ спорт және акт залдары, медицина кабинеті, кітапхана, балалар алаңдары және т. б. бар.

«Сонымен, бас қалада осы оқу жылында 12 мектеп ашылды. Оқу жылының соңына дейін тағы 3 мектеп ашамыз. Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша қалада «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын іске асырамыз. Жоба аясында 2024-2025 жылдар аралығында 90 мыңға жуық оқушы орнына (2 ауысымда) арналған жаңа форматтағы 24 мектеп саламыз. Олардың 15-і қарқынды дамып келе жатқан Есіл мен Нұра аудандарында орналасады. 2027-2028 жылдарға дейін 200 мыңға жуық оқушыға (2 ауысымда) арналған 80 мектеп салуды жоспарлап отырмыз» деді қала әкімі Жеңіс Қасымбек.

# КӨШПЕЛІ КЕҢЕС ӨТТІ

Елордада халықтың өсуін, тұрғын үй және әлеуметтік нысандар құрылысын ескере отырып, бейнебақылау камераларын жедел басқару орталығына қосу белсенді жүргізілуде. Бұл туралы мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.

«Бүгінде Астанада 32 мыңнан астам бейнекамера бар, ал ең басында 16-сы ғана болды. Олардың саны жыл сайын артып келеді. Елордалық полиция департаментінің жедел басқару орталығында көшпелі кеңес өткізіп, жедел залдың және кезекші ауысымның жұмысымен таныстық, депутаттарға дабыл түймелерінің, «Сергек» және «Қорғау» жүйелерінің жұмысын көрсетті. Сонымен қатар, полиция департаментінің жаңа ғимаратына бардық. Жақын арада полиция департаменті басшылығының қатысуымен құқықтық тәртіп пен қауіпсіздік саласындағы проблемалық мәселелер бойынша мәслихаттың жұмыс кеңесін өткіземіз. Бейнебақылау камераларын орнату қажет проблемалық учаскелер бойынша, әсіресе қаланың 16 тұрғын алабында қажетті жабдықтар, штаттық кесте бөлігіндегі мәселелерді қарастырамыз. Қала тұрғындарының қауіпсіз және жайлы өмір сүру мәселелері қала билігі мен депутаттық корпустың ерекше бақылауында» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.




# КҮЗДЕ БІЛІМ ОРДАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

2024 жылдың қыркүйегінде «Ильинка» тұрғын алабында 900 орындық бір мектептің, сондай-ақ 600 орындық №13 мектепке қосымша нысанның құрылысы аяқталады. Бұл туралы мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов мәлім етті.

«Елордалық мәслихатта Астана қаласы Құрылыс басқармасының алдағы 3 жылға арналған жоспарлары тыңдалды. Сондай-ақ білім беру инфрақұрылымын қолдау қорының қаражаты есебінен 1200 орындық 2 қосымша құрылыс (№79 және №86 мектептерге 600 орындық қосымша құрылыс) бойынша мемлекеттік сатып алу конкурсын жариялау жоспарлануда. Оларды аяқтау 2025 жылдың наурыз айына жоспарланған. Жергілікті бюджет есебінен 2025 жылдың тамызында құрылысы аяқталуы жоспарланған №83 және №41 мектептерге қосымша ғимарат салу жұмысы басталады. Сонымен қатар, білім беру инфрақұрылымын қолдау қорынан ҚМЖ-ға 2325 орындық тағы 4 қосымша құрылысты (№72, 73, 80, 82 мектептерге қосымша құрылыстарды қаржыландыру сұралды). Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына бірқатар спорт нысандарын қайта құру, сондай-ақ өрт сөндіру бекеттері мен депо салу жоспарлануда. Жұмыстардың сапасы мен орындалу мерзімін бақылау елордалық мәслихат депутаттарына жүктелді» деп жазды Е.Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында.

## ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

***Пәкістанның оңтүстік-батысында лаңкестік шабуыл салдарынан 30 адам мерт болды.***

Оқиға елдегі Парламент сайлауы қарсаңында Пешавар қаласы мен Белуджистан провинциясында тіркелді. Лаңкес Пешавардағы «Авами Ұлттық Пәкістан» партиясы сайлауалды митингісінде өзін-өзі жарып жіберген. Ал Белуджистанда дауыс берушілер мінген автобусқа содырлар оқ жаудырып, салдарынан 10 адам көз жұмған.




***Газа секторына гуманитарлық көмек жеткізу қиындады.***

Израиль әскері аймаққа жүк көліктерін кіргізбей тастады. Олар «Керем-Шалом» бақылау бекетін тікелей сымдармен жауып тастаған. Айтуларынша, анклавқа жеткізілген кез келген көмек ХАМАС қозғалысының пайдасына жасалады. Ал Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметі бойынша Газаға жеткізілген азық-түлік, дәрі-дәрмек пен басқа да қажетті заттар халықтың қажетін толық өтемейді.



***Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы өкілдерінің болжамынша, биыл әлемдік экономика баяу өсім көрсетеді.***

Есесіне инфляция да бәсеңдейді. Дегенмен мамандар Азия өңірінің экономикасына мұның онша әсері болмайтынын айтуда. Иә, білім беру мен денсаулық сақтау саласындағы бюджеттік саясатты күшейту қажет. Ұйым өкілдері G20 елдерінде инфляция деңгейі 6,5-тен 4 пайызға дейін төмендеуі тиіс деп отыр.

# ҚАР ТАЗАЛАУ ҚАРҚЫНДЫ



Елордалық коммуналдық қызмет көшелерді, аулаларды, алаңдар мен жолдарды қар мен мұздан тәулік бойы тазалауда. Осы бағытта күн сайын 2,5 мыңға жуық жұмысшы жұмысқа тартылады.

9 ақпан күні таңертең қар тазалау жұмысына 2,3 мыңнан астам адам мен 1,6 мыңнан астам арнайы техника жұмылдырылды. Ал 8-інен 9 ақпанға қараған түнде 3 мыңға жуық рейс жасалып, қаладан 40 мың текше метрден, қыс басталғаннан бері полигондарға 4,1 млн текше метрден астам қар шығарылды.

# ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МАҢЫЗДЫ

Мемлекеттік және құқық қорғау органдарының басшылары, меншік иелері бірлестігінің (МИБ) жетекшілері үй мүлкін қорғау және өрт қауіпсіздігінің алдын алу тақырыбындағы дөңгелек үстелде өзекті мәселелерді талқылады.



Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Мүлік иелері бірлестігі орталығының директоры Гүлвира Әбетованың сөзінше, бұл – осы тақырыпта өткізіліп отырған екінші дөңгелек үстел.

– Тұрғын үйлердің техникалық қабаты мен жертөлесінде орналасқан заңсыз орындарды шектеу, есірткінің таралуы мен вандализмнің алдын алу маңызды. Өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау, рұқсат етілмеген аумақта темекі шегу, дөрекі мінез-құлық көрсетуде бірлесе атқаратын іс-шаралар туралы ақылдасу үшін жиналып отырмыз, – деді Гүлвира Абетова.

Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы ұйымдастырған іс-шара ашық пікірталасқа ұласып, құқық қорғау саласының басшыларына сұрақтар қойылды.

МИБ басшысы Динара Серікбайдың айтуынша, Нұра ауданындағы тұрғын үйлердің көбісіне полиция қызметкері бекітілмеген, сондықтан олармен кері байланыс орнату тиісті деңгейде емес. Қала тұрғыны Зәуреш Әбдиева «Өзіміздің тұрғын үйге қанатқақты жоба ретінде IP-панель орнатып, ұрлық пен вандализмді азайттық» деді.

Дөңгелек үстелге қатысушылар тұрғын үй аумағындағы велосипед пен қол арбаның жиі ұрланатынын, автотұрақтарда бірнеше айдан бері жүрмейтін көліктер көп екенін, олар тазалау кезінде кедергі келтіретінін сөз болды.

Меншік иелері бірлестігінің жетекшілері тұрғын үй аумағындағы заңсыздықтар анықталып, айыппұл салынса, мәселе өзінен-өзі шешілетінін айтып, полиция және төтенше жағдайлар қызметінің басшыларын батыл шешім шығаруға шақырды.

# ПІКІРСАЙЫСТА ШЫҢДАЛАДЫ




Бас қалада «Debat Eli» қоғамдық қорының ашылуы өтті. Басты мақсат – еліміздің белсенді пікірсайыс қатысушылары үшін республикалық және халықаралық деңгейде дамуға мүмкіндік беру.

Индира БЕРЖАНОВА

Іс-шараға Қазақстан жастары конгресінің атқарушы директоры Бақдәулет Жанділдаев, Астана қаласы әкімдігі жастар ұйымдарымен жұмыс бөлімінің басшысы Ажар Саргубенова, Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығындағы дебаттар қозғалысы жөніндегі жобалық кеңсенің сарапшысы Нұркен Дәулет, сондай-ақ елорданың Оқушылар саройының «Ұшқыр ой» пікірсайыс қозғалысының өкілдері және қаланың пікірсайыс клубтарының белсенді пікірсайысшылары қатысты.

«Debat Eli» қоғамдық қорының директоры Жанерке Шаймерден дебат ойындарын өткізудің маңызы мен ұйымның негізгі қызметіне кеңірек тоқталды.

«Пікірсайыс білім беру технологиясы ретінде жаңа буын көшбасшыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Дебат арқылы жастар сыни ойлау, көшбасшы болу, әңгімелесушіні тыңдау мен түсіну секілді қабілеттерді игереді. Біз ел ішінде ғана емес, өзге мемлекеттерде де пікірсайыс қоғамдастығын дамыту, Қазақстанның барлық пікірсайысшысы үшін үлкен хабқа айналу және халықаралық пікірсайыс қоғамдастығына мүше болуды көздеп отырмыз» деді Ж.Шаймерден.

Жиын барысында жаңа буын жастары әртүрлі тақырыпта пікірсайыс өткізудің маңызына, танымдық дағдыларды дамытатын дебаттың трендке айналғанын сөз етті. Қоғамдық қор 2026 жылы Астана қаласында студенттер арасында дебаттан Еуропа чемпионатын ұйымдастыруды жоспарлап отыр.

***Әлем елдері ауа райының қолайсыздығынан зардап шегіп отыр.***

Американың солтүстігін су басып жатса, оңтүстігінде ормандар жанып жатыр. Адам шығыны мен жапа шеккендер саны күннен-күнге артып барады. АҚШ-тың Калифорния штатында бір аптадан бері дауыл басылмай тұр. Электр желілері үзіліп, 800 мыңнан астам үй жарықсыз қалды. Әсіресе табиғат апатынан Сан-Франциско қаласы мен бірнеше елді мекен зардап шекті. Ағаштар құлап, шатырлар ұшып, біраз шығын келген.



***Ауғанстанның батысындағы Герат провинциясында болған жойқын жер сілкінісіне 100 күн толды.***

Зілзала салдарынан 1500-ге жуық адам опат болып, 2100-ден астам кісі зардап шеккен еді. 6 елді мекен жермен-жексен болды, мыңдаған үй қирады. Жергілікті халықтың басым бөлігі апаттан кейін шатырларда өмір сүруге мәжбүр. Ал Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы әлі күнге дейін жергілікті халыққа медициналық жәрдем мен психологиялық қолдау көрсетіп келеді.

Қазақстанның бас мемлекеттік санитар дәрігері Айжан Есмағамбетова жаңа қаулыға қол қойды. «Ауа-тамшы жолы арқылы берілетін инфекциялық аурулардың таралуының алдын алу жөніндегі профилактикалық іс-шараларды күшейту туралы» деп аталатын бұл құжатқа сәйкес денсаулық сақтау ұйымдарында және халық көп жиналатын жерлерде бетперде кию режимі енгізіледі.

# ҚАЙТАДАН БЕТПЕРДЕ ТАҒАМЫЗ БА?

Райхан РАХМЕТОВА

Облыстардың, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдарына, орталық мемлекеттік органдарға, меншік нысанына қарамастан, жеке және заңды тұлғаларға маска тағу ұсынылады. Нақтырақ айтқанда, олар халық көп жиналатын жерлерде (әуежай, теміржол вокзалы, автовокзал, базар, сауда-ойын-сауық орталығы, сауда үйі, театр, кинотеатр, халыққа қызмет көрсету орталығы, банк және т. б.), көліктің барлық түрінде (қоғамдық, әуе, теміржол) медициналық немесе матадан тігілген масқаларды пайдаланғаны жөн. Қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Деректерге сүйенсек, 2024 жылдың қаңтар айында өткен жылғы желтоқсанмен салыстырғанда коронавирусқа байланысты жағдай 2,5 есе өскені байқалған. Жаңадан жұқтырғандардың ең көп саны Алматы қаласына (143 жағдай) және Астана қаласына (74 жағдай) тиесілі.



# ӨҢІРЛІК КАДР РЕЗЕРВІНЕ ІРІКТЕУ

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің астаналық департаменті 1-31 наурыз аралығында өңірлік кадр резервіне кандидаттарды іріктеу үшін құжаттар қабылдайды.

Кандидаттар жоғары білімді Қазақстан Республикасының азаматы, кем дегенде 3 жылдық еңбек өтілі болуы және құжаттарды тапсыру сәтінде 35 жастан аспауы тиіс. Іріктеу әлеуметтік сала; тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және инфрақұрылым; экология; цифрландыру бағыты бойынша өтеді.

Құжаттар қабылдау 2024 жылдың 1-31 наурызы аралығында өңірлік резервке іріктеу жөніндегі онлайн-платформада жүргізіледі. «Жеке кабинетке» кіру кандидаттың логині мен паролі арқылы дербес жүзеге асады.

Үміткерлер құжаттарды қағаз бен де, электронды түрде де ұсына алады. Құжаттар электронды пошта арқылы немесе қолма-қол мына мекенжай бойынша қабылданады: astana@onir.pkrezerv.gov.kz, 010000, Астана қаласы, Сарыарқа даңғылы, 13, 3-қабат, 304-кабинет. Бұл ретте құжаттарды қағаз форматта не электронды түрде берген кандидаттар да онлайн-платформада тіркеледі. Құжаттарды тапсырғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде жүктеуі керек.

Іріктеуге қатысу үшін құжаттар тізімі туралы толық ақпаратты және басқа да мәліметтерді онлайн-платформадан алуға болады, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Астана қаласы бойынша департаментінің интернет-ресурсында www.qyzmet.gov.kz, әлеуметтік желілердегі ведомство беттерінде (Instagram), сондай-ақ телефондар арқылы: +7 7172 248926, +7 7172 248896, +7 7172 248831 алуға болады.

# ТӘУЛІК БОЙЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Ауа райының нашарлауына байланысты елордалық жарақат пункттері тәулік бойы күшейтілген режимде жұмыс істеп жатыр. Адамдар жазатайым жарақат алып қалған жағдайда, дереу медициналық көмек көрсету пункттеріне хабарласуы қажет.

Қала бойынша ересек адамдарды мына жарақат пункттері қабылдайды: Р.Қошқарбаев даңғылы, 66 (№1 көпсалалы қалалық аурухана); Ә.Молдағұлова көшесі, 28 (№3 көпсалалы қалалық аурухана); Абылай хан даңғылы, 15 (Ұлттық ғылыми травматология және ортопедия орталығы). Ал балаларды Р.Қошқарбаев даңғылы, 64 (№2 көпсалалы қалалық балалар ауруханасы); Желтоқсан көшесі, 34 (№2 қалалық емхана) мекенжайларында орналасқан.

Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы қала тұрғындары мен қонақтарын өте сақ болуға және қауіпсіздік ережелерін сақтауға шақырады. Жарақат алмау үшін дәрігерлер ыңғайлы, табаны жалпақ аяқ киім киюге кеңес береді.

# ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің отырысында азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету мен оның мөлшерін белгілеу, мәдени ошақтар көрсететін қызметтердің бағасын бекіту, елордаға туристерді тарту, әлеуметтік саладағы басқа да маңызды мәселелер қаралды.



Амангали ҚАЛЖАНОВ

4 ақпан – Обыр ауруына қарсы дүниежүзілік күрес күніне орай Астанада осы дертке шалдыққандарға бір реттік әлеуметтік көмек бұрыннан беріледі. Бұл санатқа енді жаман ауруға ұшыраған балалар да енгізілді. Бұл туралы қалалық Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Илья Скуб баяндады.

Оның айтуынша, қалалық мәслихаттың тиісті шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, бұрын әлеуметтік көмекпен қамтылмағандар ескерілді. Бұдан былай асыраушысынан айырылғандарға қатты отын бөлу, газға қосу, қала әкімінің грантын беру, коммуналдық қызметтер бойынша әлеуметтік көмек көрсетіледі. Елордада мұндай отбасы саны – 8553. Оларға сәйкес көмекті беру үшін қала бюджетінде 6,6 млрд теңге қарастырылған.

Басқарма басшысы кеңес әскерлерінің шектеулі контингентін Ауғанстаннан шығарылуының 35 жылдығына орай қосымша әлеуметтік көмек белгіленгенін жеткізді.

– Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінен осы датаға орай барлық өңір бірдей мөлшерде әлеуметтік көмек берсін деген ұсыныс хат келіп түсті. Бізде жыл сайын Ауғанстан ардагерлеріне берілетін бір реттік әлеуметтік көмек 45 АЕК-ті құрайды. Ұсыныс хатта оны 50 АЕК-ке жеткізу ұсынылды, – деді Илья Скуб.

Астана қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Маржангүл Қайырбаева елордада ерекше қажеттілігі бар балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша осы жылға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы туралы баяндады. Оның айтуынша, жыл сайын осындай қолдауды қажет ететін балалар саны артып келеді. Өткен жылы 16597 болса, биылғы жыл басының өзінде 19 мыңнан аса бала тіркелген.

– Елордада қазіргі уақытта 4 психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті, 2 оңалту орталығы, 2 аутизм орталығы бар. Аталған ұйымдар орта есеппен алғанда жылына 1 мың баланы қамтиды. Қазіргі уақытта қызмет алу үшін кезекте 1 мыңнан астам бала тіркелді. Бәсекеге қабілетті орта құру үшін түзету көмегімен мұқтаж балаларды түгел қамту мақсатында жекеменшік орталықтарда арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жоспарланған. Онымен 1 мыңнан астам бала қамтылмақ. Жобаға 25 жекеменшік орталық қатысып отыр. Бұған қажетті қаржы – 915 млн теңге бюджеттің нақтылауына шығарылады, – деді баяндамашы.

Астана қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Жаңабай Мейірманқұлов елордадағы мәдени ошақтар көрсететін қызметтерге талдау жүргізілгенін баяндай келе, «Астана Опера» және «Астана Балет» театрлары билеттерінің орташа бағасы 25 мың теңгені құрайтынын айтты.

> Қалалық мәслихаттың тиісті шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, бұрын әлеуметтік көмекпен қамтылмағандар ескерілді. Бұдан былай асыраушысынан айырылғандарға қатты отын бөлу, газға қосу, қала әкімінің грантын беру, коммуналдық қызметтер бойынша әлеуметтік көмек көрсетіледі. Елордада мұндай отбасы саны – 8553. Оларға сәйкес көмекті беру үшін қала бюджетінде 6,6 млрд теңге қарастырылған

– Түркістан драма театрының бір ғана «Бөрте» қойылымының билеттері 50 мың теңгеге дейін сатылған уақыттар болды. Ал қала әкімдігіне қарасты 6 театр билеттерінің бағасы 2500-3000 теңгеден аспайды, – деген Мәдениет басқармасының басшысы қала театрларының қойылымдары жоғарыда аталған республикалық театрлар мен Түркістан театрынан кем еместігін атап өтті. Дәлел ретінде Музыкалық жас көрермен театры былтыр «Гауһартас» қойылымымен ұлттық «Ұмай» сыйлығының «Үздік музыкалық қойылым» аталымында бас жүлде алғанын, ал М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театры «Жаздың соңы» спектаклімен «Үздік қойылым» атанғанын келтірді.

Басқарма басшысы егер қала театрлары билеттерінің бағасы өсетін болса, олардың ішкі кірісі артып, қызметкерлерінің жалақысы мен сыйақысы көбейетінін, бұған қоса, бәсекелестік артатынын жеткізді.

– Аз қамтылған отбасылар мен көпбалалы аналарға әртүрлі мәдениет мекемелері арнайы қойылымдарды ұсынып, ақысыз негізде көрсете береді, – деді Жаңабай Мейірманқұлов.

Қалалық Қоғамдық кеңес төрағасы Зулфухар Ғайыпов пен кеңес мүшелері Сапар Ахметов пен Марат Мұстафин қала театрлары билеттерінің бағасын көтеруді қолдайтынын айта келе, мұның артықшылығына тоқталды. Қоғамдық кеңес мүшесі Кәрімбек Құрманәлі қала театрларының танымалдығы, қойылымдарын насихаттау мәселесін көтерді. Сапар Ахметов ұрпақ тәрбиесіндегі кітапханалардың маңызын айтып өтті.

– Қазір театрда, өнер саласында қызмет етіп жүрген азаматтардың еңбекақысы лайықты болуы керек. Сондықтан ұсынысты қолдаймын. Бүгінде Астана қаласы үлкен мегаполиске айналды. Бірақ елордада кітапханалардың саны бұрынғы Целиноград, Ақмола кезінен аспай, сол қалпында қалып қойды. Егер мәдениетті, білімді ұрпақ тәрбиелейміз десек, бұған көзқарасымызды өзгертуіміз керек. Өйткені кітап оқыған адам – білімді адам ғана жетістікке жетеді. Қазір бала тәрбиесін әлеуметтік желілер мен планшеттерге беріп қойдық. Бұл дұрыс емес. Бүгінде көз аурулары емханаларына барсақ, көптеген баланы көреміз. Ата-аналар балаларына кітап оқытудың орнына қолына гаджет ұстатып қояды. Сонда 5-6 жасқа келген кезде балалар көз ауруына ұшырайды. Ал дамыған елдерде кітапханалар толып отырады. Кітапхана – үлкен тәрбие ошағы. Сондықтан осы бағытта бір бағдарлама дайындау керек. Астанамыз өңірлерге үлгі көрсететіндей болса екен деймін, – деді Сапар Ахметов.

Оған жауап берген Мәдениет басқармасының басшысы былтыр елордада 18 кітапхана болғанын, қала әкімімен келісе отырып, Нұра, Есіл, Сарыарқа, Алматы аудандарында қосымша ғимараттар алынғанын, сонымен кітапхана саны 22-ге жететінін айтып өтті. Бұл ғимараттарға 300 млн теңге көлемінде қаржы бөлінді. Конкурс жарияланып, оның қорытындысы осы ақпан айының соңына дейін белгілі болады. Содан соң жаңа 4 ғимарат пен бұрынғы 4 кітапхананың ғимаратына күрделі жөндеу жүргізіліп, биылғы шілде-тамыз айларына дейін барлығы 8 кітапхана жөнделіп, жаңғыртылады.

– Өткен жылдың қараша айында кітапханашыларды Түркияға тәжірибе алмасуға жібердік. Қазір бауырлас елдің үлгілерімен қала кітапханаларының жаңа дизайнын сызып жатырмыз, – деді Жаңабай Мейірманқұлов.

Сапар Ахметов қала кітапханаларын жобалағанда Ұлттық академиялық кітапхана үлгісінен аулақ болуды ұсынды.

– Соңғы жылдары Ұлттық академиялық кітапхана бөлме-бөлмеге бөлініп, әр адамның жеке кітапханасына айналып кетті. Онда келген адамдардың отырып, кітап оқитын жері болмай қалды. Сондықтан қала кітапханаларын жобалағанда идеологиясына, концепциясына мұқият болыңыздар. Адам кітапханаға кіргенде отырып, рахаттанып кітап оқитын орын болуы керек. Әрине, Ұлттық академиялық кітапханада еліміздің үлкен тұлғаларының кітапханалары орын тепкен. Бірақ әр тұлғаның үйінде тұрған кітаптарын әкеліп, бөлмені жауып тастаудан не пайда? – деген Сапар Ахметов Сәкен Сейфуллин көшесіндегі бұрын кітапхана болған, кейін «7 арна» телеарнасына берілген ғимаратты қайтадан кітапханаға қайтару мәселесін қарастыруды ұсынды. Жиында жаңа кітапханаларды ашқанда оларды қаланың шетіне апармай, халық көп баратын сауда орталықтарынан ашу мүмкіндігін қарастыру да ұсынылды.



# ӨНЕР АДАМДАРЫ АТСАЛЫСТЫ

«Қоршаған ортаға бей-жай қарамайық!» деген ұранмен қалың қар басқан бульварлар мен жаяу жүргіншілер жолын ақ ұлпадан тазартуға өнер адамдары да атсалысты.

«Бұл коммуналдық қызметкерлерге айтарлықтай көмек болды» дейді ұйымдастырушылар. Іс-шараға 100-ден астам өнер адамы қатысты. Қалалық Мәдениет басқармасы акцияны дәстүрлі түрде өткізбек.

– Соңғы күндері Астанада қалың қар жауып, ауа райы автокөліктермен бірге жаяу жүргіншілерге қиындық тудырды. Бұл ретте уақытпен санаспай жұмыс істеп жүрген коммуналдық сала қызметкерлеріне көп-көп рақмет! Олар негізгі көшелер мен адам көп жүретін жерлерді тазартып жатыр. Біз де осы іске аз да болса үлесімізді қосайық деп қолымызға күрек алдық. Мәдениет саласының адамдары ғана емес, Астана қаласының жастары да жалғызілікті егде кісілер мен ерекше күтімді қажет ететін жандардың үйінің ауласын тазартып, қызмет етіп жатыр. Жақсы іс жалғаса береді, – деді актер Асылхан Төлепов.

# ЕРІКТІЛЕР ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ КӨМЕКТЕСТІ

«Игі істер» марафоны аясында елордалық студенттер қаладағы жалғыз тұратын зейнеткерлердің ауласын қардан тазартып, қайырымдылық акциясын жалғастыруда.



Соңғы күндері қалада қар көп жауды, коммуналдық қызметтер күшейтілген режимде жұмыс істеуде. Ал ауласын өз бетінше тазалай алмайтын қарттар мен жалғызілікті адамдарға елордалық еріктілер көмекке келді.

– Ата-әжелерімізге көбірек көңіл мен қамқорлық қажет. Еріктілер өздерінің игі істерінің арқасында үлкендердің батасын алады. Біздің міндетіміз – мұқтаж адамдарға көмектесу және қолдау. Осы ретте қоғамның, әсіресе жастардың саналы ойлауын қалыптастыруға, сондай-ақ ерікті қызметті дамытуға ықпал етудеміз. Біздің күшіміз – бірлікте, – деді республикалық студенттер қозғалысының жетекшісі Ұлан Наукен.

Қазақстан жастар конгресінің атқарушы директоры Бақдәулет Жанділдаевтың айтуынша, бұл акция күндіз-түні қаланы қардан тазартатын коммуналдық қызметтерге көмектесе отырып, жалғызілікті қарт адамдарға көктемгі су тасқынынан тұрғын үйді қорғауға атсалысады. Осыған байланысты елорда еріктілері «Өндіріс» тұрғын алабында қар тазалауға өз үлесін қосып, көмектесуге шешім қабылдады. Қамқорлыққа бөленген қарттар еріктілерге алғысын жеткізді.

– Бүгін мен көңілді және тапқырлар «Жайдарман» клубының басқа ойыншыларымен бірге еріктілерге қосылып, жалғызілікті жандарға көмектесуге бел будым. Қазіргі уақытта көмек пен қамқорлыққа мұқтаж адамдарға риясыз көмектесетіндер бар екенін түсіну керемет! Олар, шынымен де, игі іс жасап жүр. Мен мамандығым бойынша өрт сөндірушімін, бірақ осындай іс-шараға қатысқаныма қуаныштымын. Қаламыздың басқа да азаматтарын осындай қамқорлыққа зәру жандарды құтқаруға және оларды қорғауға шақырамын, – деді акцияға қатысушы Заңғар Балтабай.

Бұл күні еріктілер қаланың тұрғын алаптарында тұратын 50 зейнеткерге көмек көрсетті. Белсенділер қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді, қар шығару үшін арнайы техника жұмылдырылды.

Айта кетейік, елорданың кез келген тұрғыны еріктілерге қосыла алады. Ол үшін «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының @Astana_jastary Instagram аккаунтына хабарлама жазуға болады.

# ҚОНАҚАСЫ КІМ ҮШІН, НЕ МАҚСАТПЕН БЕРІЛЕДІ?



Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ

Жақында Арқада қаза болған адамды жерлеу рәсіміне қатыстым. Сырдың азаматы ретінде талқыға салар ой түйіп, дін мамандарымен тілдестім. Айтпағым, «қонақасының» мәні мен мағынасын дұрыс түсінбей, азалы шаңыраққа жөнсіз салмақ салып жүрміз-ау осы!

Досымның әкесі қайтыс болғаны туралы хабар келді. Рухани демеу болу үшін үйіне бардық. Бірақ таппадық. Мейрамханаға кетіпті. Қонақасын ұйымдастыру шаруасымен. Белгіленген уақытта мейрамханаға барып, көппен бірге аста болдық. Әлі әкесі жер қойнауына тапсырылған жоқ. Құран оқылып, дұға бағышталмады. Үстел басында бос ой, даурықпа сөз көп. Кішісі де, үлкені де сақа саясаткер сынды сөз саптайды...

Ертесіне ағамыздың жаназа намазы оқылып, жер қойнауына тапсырдық. Тағы да мейрамханада дастарқан жайылып, марқұмның рухына арналып Құран оқылып, дұға бағышталды.

Екі жылқының етін екі асқа арнады. Әкесінен несін аяйды. Жақсы ғой! Бірақ елдің барлығы екі рет ас беруге әлеуметтік жағдайы жете ме? Мәселе осында. Жалпы «қонақасы» деген не, қайдан, қалай келген жоралғы? Діни мән-маңызы бар ма?

Қазақ энциклопедиясында «Қонақасы – қонаққа арналған дәм, мәзір. Дәстүрлі қазақ қоғамында үйге тосын келген немесе арнайы шақырылған қонақтың қадір-құрметіне, жас мөлшері мен туыстық қатынасына қарай сойылған малдың мүшелерінен сыбағалы табақ тартады» деп көрсетілген. Яғни үйге келген қонаққа құрмет көрсету дәстүрі.

Ал азалы үйдегі қонақасының мәні неде? Соның басын ашып алайық. Қайтыс болған адамның ағайын-туысы мен құда-жекжаты жиналып, мәслихат құрып, жерлеу рәсімі мен ас беруді өткізу туралы пікірлесетін. Осы сәтте қонақтарға қазан көтеріліп, ас беріледі. Міне, «қонақасы» дегеніміз нақ осы! Ертеректе атпен бірнеше түндік жерден келген ағайын марқұмның жетісін өткізіп қайтатын. Осы қонақтарға да берілетін асты «қонақасы» дейді.

Бұдан түйетініміз, қазіргі қонақасы өзінің алғашқы функциясын өзгертіп, азалы үйге әлеуметтік тұрғыда салмақ салуға бұрылды. Біз бұл туралы ҚМДБ шариғат және пәтуа бөлімінің маманы Медет Құрсақовтан сұрадық.

– Дүние салған кісіге сауабы тисін деген мақсатта берілетін асты «құдайы ас» деп атайды. Мұндай ас қайтыс болған кісі Алланың рақымы мен кешіріміне бөлену үшін өткізіледі. Мұнымен қоса қазақ халқының дәстүрінде құдайы астың өңірлерге тән садақа, жабдық, береке жинау, хатым өткізу және тағы басқасы қалыптасты.

Дәстүрлі діни жөн-жоралғыларды шариғи һәм ғылыми тұрғыдан саралап жүзеге асыру – уақыт талабы. Қоғамда көрініс тауып отырған, шариғат пен дәстүрге сәйкес келмейтін «жорамалы» басым, пайдасынан зияны көп әдеттердің ел арасында етек жаюы алаңдатады. Діни мәні, рухани мағынасы жоқ «қонақасыны» соған жатқызуға болады, – деді Медет Құрсақов.

Рас, қонақасында марқұмның рухына арналып Құран оқылып, ақыреті үшін пайдасы болмаса, онда бұл жоралғының қажеті неде? Әлде жұрттан ұят боладының кейпі ме?

Ел ағасы, елордалық Құттыбек Әлиев: «Қосшы қаласына асқа бардым. Досымды қатардан таппадым. Сөйтсек, жайылымдағы жылқысын іздеп кетіпті. Күн суық болғандықтан мал ықтап кеткен-ау. Кештетіп келді. Әбден қалжырап, шаршаған. Көңіл айтып, рухани дем беруге тырыстық. Бірақ оның бар ойы даладағы жылқысы болды. Әкесіне арналған асқа жылқыны мүшелеп таратуды уайымдап отырды. Жақынының о дүниелік болғанына іштей қайғырғанмен, осы дүниелік мәселелер алаңдатып, көңіл айтып келушілерге дұрыс мән де бере алмай отырғанын іштей сездім. Сондықтан бүгінде еске алу іс-шараларын шариғат заңдары мен салт-дәстүр бойынша реттеу маңызды» деді.

Дұрыс айтады, шариғатта «жеңілдетіңдер, ауырлатпаңдар, сүйіншілеңдер, қорқытпаңдар!» деген бар. Аста-төк ас беру осы қағидаға қайшы келеді. Әдет-ғұрыптар мен рәсімдер реттелмесе, жыл өткен сайын бұл әлеуметтік қиындық туғызып, қоғамдық тепе-теңдікті бұзуы әбден мүмкін.

Өзбек, дүнген, ұйғыр және тағы басқалары кісісі қаза болғанда үш күнге дейін қазан көтеріп, ас пісірмейді. Ас берген жағдайда ысырапшылдыққа жол бермейді. Қонақасы деген оларда мүлдем жоқ. Сырттан келгендерге көршілері дастарқан жайып, ас-су береді. Ал бізде қаза болған үйдің ауыртпалығын бөлісудің, уайымын көтерудің орнына оларды әлек-сарсаңға салып, жылқы сойғызып, базарға жүгіртіп қояды.

5-6 жыл бұрын Түркістан қаласында тұратын досымның анасы қайтыс болды. Қызмет көрсету мақсатында қаралы үйге бардық. Сонда байқағанымыз, марқұмды жерлеп келгеннен кейінгі асқа бір қойдың етін кәдеге жаратып, Құран бағыштады.

Қазір қонақасын той дәрежесіне көтеріп, мейрамханада 300-500 адамға дастарқан жайып, аста-төк ас мәзірін ұсынатын болды. Дастарқанда не жоқ дейсіз, етке тойып, қымыз ішіп, алма-өрік жеп, шаймен шөлін қандырады. Сонда қонақасы қарын тойдыратын жоралғыға айналғаны ма?

– Қайтыс болған кісінің атынан ас беру ислам шариғатында міндетті түрде атқарылуы тиіс парыз амалдарына жатпайды. Атқарылмаған жағдайда, ешбір адам күнә арқаламайды. Алайда жұртқа тамақ таратудың сауапты іс екені Құран аяттарында және хадистерде айтылған. Дінімізде «міндетті түрде қарызданып немесе өзіңе қажетті қаржыңды жұмсап, қайтыс болған кісіге арнап ірі қара мал сойып, садақа бер» деген үкім жоқ. Садақа, құдайы ас берген жағдайда ысырапқа жол бермегені дұрыс, – деді ҚМДБ шариғат және пәтуа бөлімінің маманы Елбек Тасболатұлы.

Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ

# КИНОНЫҢ КҮЙІ ҚАНДАЙ-ДЫ?



Қазақтың кино өндірісі тәуелсіздіктің алғашқы жиырма жылында құлдырап барып, қайта жандана бастады. Ұлттың руханиятына қызмет ететін картиналар бірінен соң бірі дүниеге келе бастады.

Мемлекеттік телеарналар осыны түсінді ме, тарихи сериалдар түсіріп, көркем фильмдер жасауға кірісті. Бұл сөзімізге дәлел ретінде еліміздің кинотеатрларында аншлагпен өткен «Оян, қазақ!» фильмін айтуға болады. Барымызды бағалау, әрине, дұрыс. Бірақ өкінішке қарай, отандық кино өндірісінде әттеген-айлар да кездеседі.

### ЖАУЫР ТАҚЫРЫП. ТЫҢ КЕЙІПКЕР

Қазір жас режиссерлердің кино өндірісінде зор ізденісін байқау қиын емес. Әйтпесе кинотеатрларда көрсетілген кинолардың тең жартысы тек той туралы, келін туралы немесе әзіл-оспақ айтылған сатиралық бағыттағы фильмдер екеніне ілгеріде сараптама жасап, сынаған болатынбыз. Арзан күлкі, қарт адамдарды не болмаса әйелді оспақтаған одыраңдаған киноларымыздан халық шаршап кетті. Бірақ 2023 жылы қазақстандық кинопрокатта жаңа рекордсмен пайда болды, ол – Дариға Бадықованың «Таптым-ау сені» дебюттік продюсерлік жобасы. Фильм үйлену тойының тақырыбына арналғанмен, көрермендерге ұнайтыны соншалық, ол қазір голливудтық мюзикл – Вилли Вонканың Тимоти Шаламетпен бірге түскен фильмінен де артық кассалық түсім жинады. Әнуар Матжановтың идеясы бойынша түсірілген «Таптым-ау сені» жаңа комедиясы өткен жылдың желтоқсан айының басынан бастап отандық кинопрокат бойынша guilty pleasure санатындағы көп қаралым жинаған комедияға айналды. Халық не үшін барды деп ойлайсыз? Картинаны көрген көрермен ретінде айтарым, әрине, зиялы қауым, киносыншылар тарапынан бұл фильмге тағылар сын көп – анайы, боқтық сөздер, оспадарсыз әзілдер қолданылады, кейіпкердің физиологиялық болмысы жиі сөз болады, ішкі, сыртқы мәдениетке қатысты әдейі көрсетілген олқылықтар арзан күлкімен көрсетіледі. Дегенмен қарапайым ауыл қызының, әкесінің орнына үйдің асыраушысына айналған арудың арман-мақсаты, мұңы оңаша қалған сәттерде музыкамен әрленіп, қоғамдағы кей шындықты айқын көрсетеді.

– Біздің көрерменнің ең басты міні неде? Көру қабілетінің жоғында. Қарап тұрып көрмейді. Көрерменнің көру қабілетін ояту керек, көзін тәрбиелеу керек. Көрермен ойдың жалқаулығынан арылу керек, ойланып үйренуі керек, – деген еді ілгеріде жазушы, күйші Таласбек Әсемқұлов.

Кішкентай болса да көрерменге ой салса, жаманнан жиреніп, жақсыға ұмтылса, киноның да мақсаты орындалғаны. Әрине, мұны орта сападан да төмен, профессионал әдептен жұрдай деп жаға жыртуға дейін айтысуға болады. Ақшаң болып, күшің жеткеннен түсірген фильм емес, өзің ғана емес, өзге де түсінер фильм болғанға не жетсін шіркін?! Бұл ретте «Таптым-ау сені...» комедиясы күлдіре отырып жылатады, себебі ішінде халықтың қарапайым өмірі, тыныс-тіршілігі бар.

### ДӘСТҮРГЕ ҚАРСЫ «ДӘСТҮР»

Мойындау керек, бүгінгі тәуелсіздік жылдарындағы егемен елдің режиссурасы кешегі тоталитаризм заманында, шектеулі кеңістікте «Қыз Жібек», «Менің атым Қожа» секілді небір шедеврлерді дүниеге әкелген режиссерлерден әлдеқайда қалыс қалып тұр. Мәселе тек қаржыға ғана емес, мұнда көңіл күйдің, осы жүйенің толығымен тығырыққа тірелуінде дер едік. Әртістің шеберлігімен шығарманы шедевр ету – ескі тәжірибе, баяғы стереотиптермен қалу ұшпаққа шығара қоймасы анық. Кемел туынды көпке де, сол көптен өресі биік талғампаз жандарға да ортақ дүние емес пе?!

Ескінің алыстап, жаңа ұрпақ өз жолын іздей бастаған өліара шақта дүниеге келген кинолар көбейіп келеді. Жақсы ізденісі бар фильмдер бар, жоқ емес, соңғы уақытта рекордтық қаралым жинаған «Дәстүр» фильмі, расымен, көрерменді дүр сілкіндірді. Мақтаушылардан даттаушылар көп. Неге? Әрине, фильмде нәзік жанға жасалған зорлық-зомбылық, жасөспірімдер арасындағы қылмыс, ақшаға сатылған ар мен намыс, жемқор жүйе, қолшоқпар-полиция, жынмен айқасқан имам – бәрі мистикалық әлдебір сценарий бойынша жүреді. Шынында да, сыншылар жазғанындай, фильмнің атауы тек жарнама жасау үшін қойылғандай. Үлбіреген жас қызды зорлау, қылмыскердің үлкендердің «ақылымен» қызға үйленуі, Диананың өзіне қол салуы, адам өмірін саудаға салу – ешқайсысы да қазақтың салт-дәстүріне ешқандай қатысы жоғы, ата-баба дәстүрін қазіргі қоғамдағы ащы шындықты айта отырып, бар кінәні, бар күнәні қайдағы жынға аудара салуы барып, көрген жанды шошытты. Өмірімде жан дүниеме осыншалық ауыр салмақ салған, психологиялық тұрғыдан соққы алған картина жоқ екен.

– «Дәстүр» фильмі – мазмұны мен айтар ойы, мәні мен мағынасы жағынан қоғамға кері әсер ететін, драматургиясы қисынсыз, кино тілі тұрғысынан стилистік эклектикаға толы фильм. Бұл ешқандай да қоғамды сынға алатын немесе ой тастайтын фильм емес. Дін атын жамылған теріс ағымды уағыздайтын аталған дүние – бүгінгі таңдағы өтімді тақырыптарды жалаулатқан профанация. Кез келген туынды, әсіресе кино – адамның сана-сезіміне әсер ететін алпауыт күш. Сол себепті де авторлар көрерменнің назарына нені және қандай мақсатта ұсынып отырғанына мұқият қарап, ұлт алдындағы жауапкершілікті сезінгені абзал. Оқиға желісінің жындармен шайқасқа түсетін жерінен бастап зорлық-зомбылық мәселесі ұмытылып, фильмнің желісі басқа арнаға бұрылады. «Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» дейміз. Алайда фильмдегі жан түршігерлік сахналар домбыраның үнімен сүйемелденіп, қастерлі аспабымыздың күмбірі фильмде жауыздық пен қасіреттің символына айналған. Ал Аятул-күрсі сүресі сол жамандықтан құтқаратын жалғыз жол ретінде көрсетілсе, зұлымдықтың күрескері ретінде молда бейнесі алдыңғы планға шығарылған. Мұндай пайым ислам дінінен білімі таяз адамдардың санасын астарлы аяттар мен хадистерді тікелей қабылдайтын салафизм идеологиясына еліктіріп, теріс ағымның тозақтан сақтайтын жалғыз жол екеніне иландырады. Осылайша, сана-сезімі әлі қалыптасып үлгермеген, ақ пен қараның аражігін ажырата алмайтын жас буынның, демек фильмнің тікелей аудиториясының миын улап, ұлттық болмысымыз бен дүниетанымымыздан барынша алшақтата түсері сөзсіз, – деді кинотанушы Дана Әмірбекова әріптестерімізге берген сұхбатында.

Әрине, кино өндірісіне жаңа толқын келді, жаңа тұлғалар танылып жатыр. Заманына сай жарнама жасап, кинотуындыға көп қаралым жинап, сату керек, материалдық игіліктер де бар. Бірақ ұлттың дәстүрін, өнерін, намысын аяққа таптап, жиіркенішті әрекеттерді көрсетіп, имандылықты емес, діни фанатизмді насихаттаған кинотуындының сарапшылар тарапынан сүзгіден өтпегені ме, сонда идеологияны қадағалайтын, діни экстремизмді, зорлық-зомбылықпен қарсы күресетін құзыретті органдар ел экрандарына фильмді көрсетіп қойып, жастар санасы улансын дей ме екен, соны түсінбедім.

### ҚУАТТЫ НАСИХАТ ҚҰРАЛЫ

Сұрақ көп, жауап жоқ. Біздің қазіргі қоғамның сиқы – осы. Кино – тәрбие құралы. Он мектеп, он университет бере алмағанды бір фильм бір-ақ көрінісімен жеткізеді. Өнердің құдіреті де сонда. Кез келген фильм адамды қиындықпен қатар келетін жақсылыққа, ізгілікке бастайтын жол болуы керек. Жастарды жақсы іске, ізгі амалға бастамайтын, әкесі мен қызы қатар отырып көре алмайтын фильмдер бізге қажет пе?

## ДҮЙСЕНБІ

### 12 АҚПАН

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран
6:05 «Шаңырақ»
6:30 «Күй-керуен»
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:10 «Қилы күндер». Телехикая.
12:20 «Ауыл мұғалімі 2». Телехикая.
13:00 АҚПАРАТ
13:10 «Ауыл мұғалімі 2». Телехикая
13:30 «ӨМІР КӨРКЕМ». Тікелей эфир
14:35 «Отандық brand»
14:50 «Ақорда»
15:00 АҚПАРАТ
15:15 «Апта». Сараптамалық бағдарлама.
16:05 «Жат бауыр». Телехикая.
18:00 «ҚИЛЫ КҮНДЕР». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «ASHYQ ALAŃ».
21:25 «АУЫЛ МҰҒАЛІМІ 2». Телехикая.
22:15 «БАУЫРЛАР». Телехикая.
23:10 «1001 ТҮН».
0:40 «Ashyq alań».
1:35 «Сана»
2:45 «Өмір көркем»
3:40 «Шаңырақ»

---

05:00 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "ЗА ВИТРИНОЙ"
07:00 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ "ОЯН!"
10:00 "БІЗГЕ ХАБАРЛАСҚАН"
10:25 СЕМЕЙНОЕ КИНО.
11:50 МУЛЬТСЕРИАЛ. "ТУРБОЗАВРЫ"
12:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "АЛДАНҒАН ҮМІТ"
14:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "БОЗТОРҒАЙ"
15:00 "НАЖИВКА ДЛЯ АНГЕЛА"
18:00 НОВОСТИ.
18:20 ТОК ШОУ. ИТОГИ
19:00 ЖАҢАЛЫҚТАР
19:20 ТОК ШОУ. ТАЛҚЫ
20:00 ТЕЛЕХИКАЯ. "АЛДАНҒАН ҮМІТ"
21:45 ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ "ХАБАРLIKE"
22:45 ТЕЛЕХИКАЯ. "ҚАРАСУ"
23:30 ТЕЛЕСЕРИАЛ. "ЗА ВИТРИНОЙ"

**ASTANA TV**

06.00 «Қош келдіңіз»
06.45 «Ене» үнді телехикаясы
07.15 «Маша и медведь» Мультфильм
09.00 «Осман 4» түрік телехикаясы
10.00 «Ана бақыты» үнді телехикаясы
12.00 «Кеш келген махаббат»
